

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 ақпандағы N 170 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1345 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.13 № 1345 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 қаулысына(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 48, 546-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

тақырыбында және 1-тармақта "ведомствоаралық комиссия" деген сөздер "комиссия" деген сөзбен ауыстырылсын;

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

тақырыбында және 1-тармақта "ведомствоаралық комиссия" деген сөздер "комиссия" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 24 ақпандағы
N 170 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 25 желтоқсандағы

қосымша

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

- Тұрысбеков - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Зауытбек Қауысбекұлы министрі, төраға
- Выборов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Анатолий Николаевич вице-министрі - Ішкі істер министрлігі
Есірткі бизнесіне қарсы күрес және
есірткі айналымын бақылау комитетінің
төрағасы, төрағаның орынбасары
- Чаус - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Александр Александрович министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы
күрес және есірткі айналымын бақылау
комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
- Әбдімомынов - Қазақстан Республикасының Білім және
Азамат Құрманбекұлы ғылым вице-министрі
- Диқанбаева - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Сәуле Әлкейқызы сақтау вице-министрі
- Досжан - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Ардақ Дүкенбайұлы ақпарат және спорт вице-министрі
- Сұлтанов - Қазақстан Республикасының Экономика және
Бақыт Тұрлыханұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі
- Шәкіров - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Асқар Оразалыұлы министрінің орынбасары
- Бердалиев - Қазақстан Республикасы Әділет
Бауыржан Маратұлы министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі
комитеті төрағасының бірінші орынбасары
- Сұнтаев - Қазақстан Республикасы Қаржы
Тілеген Иматұлы министрлігінің Кедендік бақылау
комитеті төрағасының орынбасары
- Білісбеков - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Нұрғали Дәулетбекұлы қауіпсіздік комитеті Экономикалық
қауіпсіздік департаментінің бастығы

(келісім бойынша)

